

ӘОЖ 327

ҒТАМР: 23.37

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2026.64.2.018>

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕРІН АЙМАҚТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

***Кабдолда А.К.¹**

***¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралақ қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан**

Аңдатпа. Мақала Орталық Азиядағы туризмнің әлеуметтік-мәдени аспектілерін аймақтанулық тұрғыдан талдауға арналған. Зерттеудің өзектілігі аймақта туризмнің тек экономикалық сала ретінде ғана емес, гуманитарлық өзара ықпалдастыққа, елдердің символдық жақындасуына және ортақ әлеуметтік-мәдени кеңістіктің қалыптасуына ықпал ететін фактор ретінде маңызының артуымен байланысты. Мемлекетаралық ынтымақтастықтың жандануы және аймақтық интеграцияның жаңа үлгілерін іздестіру жағдайында туризм мәдени мұраны, тарихи жадты және аймақтың ортақ бейнелерін танытатын маңызды тетікке айналып отыр. Соған қарамастан, Орталық Азиядағы туризмнің әлеуметтік-мәдени өлшемі және оның аймақтанулық зерттеулер үшін маңызы әлі де жеткілікті деңгейде жүйеленбеген.

Зерттеудің теориялық негізін Дж. Урри мен Дж. Ларсеннің «туристік көзқарас» тұжырымдамасы, Н. Салазардың «туристік бейнелер» ұстанымы, Г. Ричардстың мәдени туризмге берген түсіндірмесі, сондай-ақ Д. Тимоти мен Г. Ньюпаненің мәдени мұраны әлеуметтік және институционалдық тұрғыдан қалыптасатын санат ретінде қарастыратын көзқарастары құрайды.

Мақаланың мақсаты – Орталық Азиядағы туризмнің әлеуметтік-мәдени аспектілерін талдау және олардың аймақтық өзара іс-қимыл мен мәдени-гуманитарлық ықпалдастық үдерістеріндегі рөлін айқындау. Зерттеуде трансшекаралық туристік маршруттар қарастырылады. Сонымен қатар ынтымақтастықтың институционалдық тетіктері мен мәдени мұраны таныстыру және ілгерілету тәжірибелері талданады. Сондай-ақ Орталық Азияны өзара байланысқан мәдени-тарихи кеңістік ретінде қабылдауға ықпал ететін факторларға назар аударылады.

Зерттеу нәтижелері Орталық Азиядағы туризмнің жай ғана қызмет көрсету саласы емес, аймақ туралы ортақ түсінікті қалыптастыратын әлеуметтік-мәдени құбылыс екенін көрсетті. Трансшекаралық маршруттардың, тарихи Жібек жолымен байланысты мәдени кластерлердің дамуы, көлік-логистикалық байланыстардың нығаюы және институционалдық өзара іс-қимылдың күшеюі Орталық Азияны біртұтас кеңістік ретінде қабылдауға ықпал етеді. Туризм мәдени байланыстарды күшейтеді, ортақ мұраны өзектендіреді және өңірлік жақындасуға алғышарт қалыптастырады.

Мақаланың теориялық маңыздылығы туризмді аймақтану аясында әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдау мүмкіндігін кеңейтумен айқындалады. Практикалық маңыздылығы зерттеу нәтижелерін трансшекаралық маршруттарды әзірлеуде, туристік бастамаларды бағалауда және Орталық Азия елдерінің мәдени мұрасын ілгерілету тетіктерін жетілдіруде қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

Тірек сөздер: Орталық Азия, аймақтану, әлеуметтік-мәдени туризм, гуманитарлық ықпалдасу, шекарааралық сапарлар, мәдени мұра, Ұлы Жібек жолы, аймақтық бірегейлік

Кіріспе

Аймақтанулық ғылымда Орталық Азия мәдени байланыстардың, халықтың жүріп-тұруының және өзара алмасулардың ұзақ тарихи тәжірибесі нәтижесінде қалыптасқан ерекше кеңістік ретінде сипатталады. Ғасырлар бойы бұл аймақ сауда, діни және зияткерлік бағыттардың тоғысқан торабы болды. Тарихи маршруттар, діни орталықтар мен қалалар осы кеңістікте маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар көшпелі және отырықшы мәдениет нысандары да өзара байланыстарды нығайтты.

Соның нәтижесінде саяси шекаралардан тыс тығыз өзара ықпалдастық желісі қалыптасты. Қазіргі кезеңде осы тарихи-мәдени мұра аймақтың әлеуметтік-экономикалық қана емес, гуманитарлық дамуы үшін де маңызды ресурсқа айналып отыр. Бұл ресурсты жаңғыртып, қоғамдық айналымға енгізетін негізгі тетіктердің бірі - туризм. Ол экономикалық қызметті мәдени мұраны таныстырумен ұштастырады. Сонымен қатар туризм аймақтық бірегейліктің қалыптасуына ықпал етіп, кеңістікті символдық тұрғыдан ұғынуға мүмкіндік береді. Сондықтан туризм аймақтанулық зерттеулерде оқшау сала ретінде емес, қоғамдар арасындағы гуманитарлық байланыстарды күшейтіп, аймақтың тұтастығын қабылдауға ықпал ететін әлеуметтік практика ретінде қарастырылады.

Мақаланың мақсаты - Орталық Азиядағы туризмнің әлеуметтік-мәдени аспектілерін талдап, олардың аймақтың гуманитарлық ықпалдасу үдерістеріндегі рөлін айқындау. Осы зерттеуде «гуманитарлық ықпалдасу» ұғымы мәдени, білім беру және туристік өзара ықпалдастықтың тереңдеуін білдіреді; мұндай ықпалдастық ортақ әлеуметтік-мәдени кеңістіктің қалыптасуына және қоғамдар арасындағы тұрақты байланыстардың орнығуына алып келеді.

Материалдар мен әдістер сипаттамасы

Зерттеудің әдіснамалық негізі - пәнаралық аймақтанулық тәсіл. Бұл тәсіл мәдени әлеуметтану, туризм әлеуметтануы, әлеуметтік және мәдени география, сондай-ақ аймақтық ықпалдасу зерттеулерінің талдау құралдарын біріктіреді. Жұмыс сапалық-талдамалық сипатта және Орталық Азиядағы туристік тәжірибелер мен оларды таныстырудың әлеуметтік-мәдени тетіктерін түсіндіруге бағытталған.

Тұжырымдамалық талдау зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдарды және олардың мазмұндық құрамдас бөліктерін нақтылау үшін пайдаланылады. Атап айтқанда, туристік көзқарас ұғымы туристің белгілі бір орынды алдын ала қалыптасқан түсінік, күту және қабылдау сүзгісі арқылы тануын білдіреді.

Сондай-ақ «туристік елестетулер» ұғымы нақтыланады, бұл адамдардың белгілі бір мекен туралы санасында қалыптасатын тартымды бейнелер мен түсініктер жиынтығын білдіреді. «Қатысымдық мәдени туризм» де ерекшеленеді, яғни турист мәдениетті сырттай бақылаушы емес, сол үдеріске тікелей араласушы ретінде тәжірибе жинайды. Мұраның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасуы ұғымы да маңызды орын алады, яғни мәдени мұра өздігінен ғана емес, қоғамның бағалауы, таңдауы және түсіндіруі арқылы қалыптасады. Сонымен бірге мобильділік арқылы аймақтану тәсілі қарастырылады, бұл аймақты адамдардың қозғалысы, байланыстары және маршруттары арқылы тануды білдіреді. Бұл әдіс туристік дискурста аймақтың қалыптасатын мағыналық шеңберін және оны танытуда тұрақты қолданылатын символдық элементтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау туризмнің әлеуметтік-мәдени теориялары, мәдени туризм, мұра мен тарихи жад, сондай-ақ туризмнің шекарааралық өзара ықпалдастыққа әсері жөніндегі еңбектерді жүйелеу үшін қолданылады.

Зерттеудің теориялық негізі туризмнің кеңістікті таныту механизмдерін, оған мағына беру үдерісін, мәдени мұраны іріктеп көрсету және түсіндіру тәсілдерін, сондай-ақ адамдардың осы үдерістерге қатысу формаларын түсіндіретін ғылыми тәсілдерге сүйенеді.

Талдаудың негізгі ретінде Дж. Урри мен Дж. Ларсен ұсынған «туристік көзқарас» тұжырымдамасы алынады. Бұл тәсілде туристік кеңістік бейтарап бақылау нысаны емес, туристің алдын ала қалыптасқан күтулері, визуалдық белгілер және ресми баяндаулар ықпалымен қалыптасатын түсінік ретінде қарастырылады [1]. Бұл ұстаным Орталық Азияның мәдени кеңістік ретінде таныстырылу ерекшелігін және оның қандай бейнелер мен мағыналар арқылы қалыптасатынын ашып көрсетеді. Мұнда тарихи маршруттар, Жібек жолы символикасы және «өркениеттер тоғысы» ұғымы негізгі репрезентациялық тетіктер ретінде көрінеді.

«Туристік көзқарас» тұжырымдамасын Н. Салазар ұсынған «туристік елестетулер/бейнелер» ұстанымы толықтыра түседі [2]. Бұл ұстаным аймақ туралы орныққан түсініктерді талдауға мүмкіндік береді. Соның негізінде аймақтың мәні ашылады, басым құндылықтары айқындалады. Сондай-ақ оның көпшілікке ұсынылу бейнесі сараланады. Мұндай елестетулер өздігінен қалыптаспайды. Олар бірнеше арна арқылы орнығады. Біріншіден, мемлекет қабылдайтын ілгерілету стратегиялары мен ресми тұжырымдамалар арқылы қалыптасады. Екіншіден, сарапшылар мен

зерттеушілердің түсіндірулері арқылы бекітіледі. Үшіншіден, туристік саланың күнделікті тәжірибесі арқылы орнығады. Бұл тәжірибеге маршрут құрастыру, турөнімді нарыққа шығару, жарнама мәтіндерін қалыптастыру, гидтердің баяндау үлгілері, экскурсия мазмұны мен музейлік көрсету тәсілдері жатады.

Орталық Азияға қатысты бұл тұжырымдама аймақтың туристік бейнесінде жекелеген тақырыптардың басымдыққа ие болу себептерін және олардың орнығу тетіктерін түсіндіруге көмектеседі. Мысалы, Жібек жолы, «өркениеттер тоғысы» туралы түсінік және көшпелі мәдениетке қатысты бейнелер туристік мазмұнның негізгі өзегіне айналады. Соның нәтижесінде басым көрсетілетін мұра нысандары, «негізгі бағыт» ретінде ұсынылатын орындар және маршруттардың қалыптасу құрылымы айқындалады. Сонымен қатар бұл тәсіл Орталық Азияға ортақ аймақтық бейненің қалыптасу деңгейін және оның мәдени-гуманитарлық ықпалдастыққа қаншалықты негіз бола алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Г. Ричардс өзінің «Cultural Tourism: A Review of Recent Research and Trends» атты еңбегінде мәдени туризмді келушінің негізгі уәжі туристік дестинациядағы материалдық және материалдық емес мәдени көрікті орындар мен мәдени өнімдерді танып-білу, ашу, сезіну және тұтыну болып табылатын туристік қызмет түрі ретінде анықтайды [3]. Бұл анықтама мәдени туризмнің аясын кең мағынада қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес, мақалада мәдени туризм тарихи-мәдени ескерткіштерді аралаумен ғана шектелмейтін, сонымен бірге гастрономиялық мұраны, дәстүрлерді, өнерді, сәулет нысандарын және жергілікті өмір салтын қамтитын кешенді мәдени тәжірибе ретінде талданады. Осындай ұстаным зерттеу нысанын жан-жақты ашуға және аймақтың туристік әлеуетін мәдени мазмұн тұрғысынан бағалауға негіз болады.

Қазақстандық зерттеулер де мәдени туризмнің мазмұнын түсіндіруге мүмкіндік береді. Мысалы, Б. Шарапаева, Н. Нұрмағанбетқызы және А. Баймбетованың «UNESCO Intangible Cultural Heritage in the Space of Sustainable Development of Tourism in Kazakhstan» атты еңбегінде UNESCO тізіміне енген материалдық емес мәдени мұраның Қазақстандағы тұрақты туризмді дамытудағы рөлі талданады. Авторлар мәдени туризмнің тек көрікті орындарды аралаумен шектелмейтінін, оның дәстүрлер, қолөнер, ұлттық тағам мәдениеті және өзге де шынайы мәдени тәжірибелер арқылы мазмұнданатынын көрсетеді [4]. Бұл тұжырым мәдени туризмді Орталық Азия кеңістігінде тек нысандар жиынтығы емес, материалдық және материалдық емес мәдени ресурстарды біріктіретін кешенді әлеуметтік-мәдени тәжірибе ретінде қарастыруға негіз береді.

Д. Тимоти мен Г. Ньюпаненің «Cultural Heritage and Tourism in the Developing World: A Regional Perspective» атты еңбегінде мәдени мұра әлеуметтік және институционалдық тұрғыдан қалыптасатын, ал туризм соны қайта таныстыратын және айналымға енгізетін үдеріс ретінде

қарастырылады [5]. Бұл ұстаным Орталық Азиядағы мұра нысандарының туристік айналымға енгізілуін оларды іріктеу, түсіндіру және басқару тетіктерімен өзара байланыста талдауға мүмкіндік береді.

Орталық Азия елдері бойынша жүргізілген эмпирикалық зерттеулер де осы тұжырымды нақтылай түседі. Мысалы, О. Останов және әріптестерінің «Some Features of Historical and Cultural Tourism in Uzbekistan» атты еңбегінде Өзбекстандағы тарихи-мәдени туризмнің көне қалаларға, сәулет мұрасына және тарихи жадпен сабақтас нысандарға шоғырланатыны көрсетіледі [6]. Бұл мәдени мұраның туризмге өздігінен енбейтінін, оның белгілі бір құндылықтық, институционалдық және таныстыру логикасы аясында іріктеліп ұсынылатынын аңғартады. Осы тұрғыдан алғанда, мұра туристік айналымда өткеннің бейтарап қалдығы емес, қазіргі кезеңде қайта түсіндіріліп, әлеуметтік мағынаға ие болатын мәдени ресурс ретінде көрінеді.

Бұл мәселені Орталық Азияға қатысты аймақтанулық тұрғыдан тереңдететін бағыт С. Горшенина мен В. Толцтың «Constructing Heritage in Early Soviet Central Asia: The Politics of Memory in a Revolutionary Context» атты еңбегінде көрініс табады. Авторлар кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі тарихи жад пен мәдени мұраның қалыптасу тетіктерін талдайды. Олар мұраның өздігінен қалыптасатын бейтарап құндылық емес, керісінше саяси, идеологиялық және ғылыми ұстанымдар ықпалымен таңдалып, түсіндіріліп, ресми түрде бекітілетін құбылыс екенін көрсетеді [7]. Осы тұрғыдан алғанда, жадты институционалдық деңгейде орнықтыру тәжірибесі аймақтың қазіргі туристік бейнесіне ықпал ететін ұзақ мерзімді негіз ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар зерттеудің теориялық шеңбері туризмді аймақтану мен шекарааралық өзара ықпалдастыққа әсер ететін фактор ретінде қарастыратын ұстанымдармен толықтырылады. Бұл көзқарас бойынша аймақ тек саяси институттар арқылы ғана емес, адамдардың күнделікті сапарлары, өзара алмасуы және мәдени байланысы арқылы да қалыптасады. Осы тұрғыдан туризм Орталық Азия кеңістігінде символдық байланыстар мен ортақ мәдени кодтарды бекітетін бейресми аймақтану тетігі ретінде қарастырылады.

Нәтижелер

Орталық Азиядағы туризмнің әлеуметтік-мәдени ерекшелігі материалдық және материалдық емес мәдени мұраның өзара тығыз ықпалдасуымен сипатталады. Тарихи қалалар, сәулет ескерткіштері, діни орталықтар мен археологиялық нысандар мәдени-танымдық туризмнің іргетасын қалыптастырады. Сонымен қатар, туристік тәжірибеде дәстүрлер, қолөнер, ұлттық ас мәзірі, музыка, ғұрыптық тәжірибелер және күнделікті өмір мәдениетінің көріністері маңызды рөл атқарып, саяхаттың мазмұнын тереңдете түседі.

Аймаққа тән айрықша белгілердің бірі – көптеген мәдени құбылыстардың трансұлттық сипатта болуы. Тарихи бағыттар, мәдени аймақтар және халықтың көші-қон үлгілері қазіргі мемлекеттік шекаралар қалыптасқанға дейін-ақ орныққан. Аймақтанулық тұрғыдан бұл құбылыс туризмді шекарааралық өзара әрекеттесудің табиғи механизмі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және Орталық Азияны біртұтас мәдени-тарихи кеңістік ретінде қабылдауды күшейтеді.

Орталық Азиядағы әлеуметтік-мәдени туризмнің маңызды құрамдас бөлігі – шекарааралық туристік маршруттар. Мұндай бағыттар жекелеген елдердің туристік өнімдерін кеңейтілген аймақтық контексте ұштастырып, Орталық Азияны ортақ мәдени кеңістік ретінде таныстыруға жағдай жасайды. Бұл тұрғыда Жібек жолы символикасы тек өткеннің белгісі ретінде ғана емес, сонымен қатар аймақтық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Ол әртүрлі туристік дестинацияларды біртұтас мәдени-тарихи желіге біріктіріп, ортақ мазмұн қалыптастыруға ықпал етеді.

Аталған тәсілдің институционалдық деңгейде нығаюы UNESCO және UN Tourism ұйымдарының қатысуымен жүзеге асырылып жатқан Жібек жолының «мұра дәліздерін» дамыту жобаларынан айқын байқалады. Атап айтқанда, UNESCO бастамасымен іске асқан «Silk Roads Heritage Corridors in Central Asia» (2018–2024) жобасы материалдық және материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен ілгерілету әлеуетін арттыруға, сондай-ақ аймақ елдерінің институционалдық мүмкіндіктерін күшейтуге бағытталған [8].

Сонымен қатар, UNWTO мен UNESCO Жібек жолының мұра дәліздері бойында туризмді орнықты басқарудың кешенді тәсілдерін қалыптастырып, туристік тартымдылықтың артуын мәдени мұраны сақтау міндеттерімен үйлестіруге ерекше мән беріп келеді.

Осындай институционалдық бастамалар нәтижесінде ортақ тарихи тәжірибеге, мәдени жадқа және аймақ туралы қалыптасқан бейнелерге негізделген біртұтас символдық кеңістік қалыптасуда. Бұл контексте туризм тек экономикалық қызмет саласы ғана емес, сонымен бірге «тәжірибе арқылы тану» тетігі ретінде көрініс табады. Ол туристер мен жергілікті тұрғындардың өзін Орталық Азияның кеңірек әлеуметтік-мәдени кеңістігінің ажырамас бөлігі ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Әлеуметтік-мәдени туризмнің институционалдық негіздері

Аймақта әлеуметтік-мәдени туризмнің дамуы аймақтық ынтымақтастықтың институционалдану үдерістерімен қатар жүреді. Осы тұрғыдан алғанда, маңызды саяси-институционалдық белгі ретінде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының IV консультативтік кездесуі аталады. Аталған кездесу 2022 жылғы 21 шілдеде Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында өтіп, оның қорытындысы бойынша «XXI ғасырда Орталық Азияны дамыту мақсатындағы достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа» қол қойылды [9]. Бұл құжат аймақтық

ынтымақтастықты формалды деңгейден символдық деңгейге көтереді. Ол Орталық Азияны біртұтас әлеуметтік-мәдени кеңістік ретінде қабылдауды саяси тұрғыдан бекітеді. Бұл келісім туризмнің мазмұны мен рөлін жаңа қырынан айқындайды. Туризм ресми декларацияларды нақты тәжірибеге айналдыратын құралға айналады. Яғни, аймақ идеясы маршруттар, сапарлар және мәдени жобалар арқылы жүзеге асады. Шартқа қол қоюды тек мемлекетаралық ынтымақтастықтың кезекті қадамы ретінде ғана емес, Орталық Азияны тұтас әлеуметтік-мәдени аймақ ретінде қабылдауды саяси деңгейде бекітетін символдық акт ретінде де қарастыруға болады. Осы тұрғыда туризм аймақтанудың практикалық арнасына айналады: ресми түрде жарияланған тату көршілік қағидаттары ортақ маршруттар, бірлескен мәдени жобалар және шекарааралық сапарлау арқылы нақты мазмұнмен толығырақ [10].__Туризм декларативті келісімдерді нақты тәжірибеге айналдырады. Яғни, аймақ идеясы туристік қозғалыс арқылы «нақты кеңістікке» айналады.

Тәжікстанның 2025 жылы қосылуы аймақтық жақындасудың кезең-кезеңмен жүретінін көрсетеді: ортақ келісімдік негіз ішкі рәсімдерден өтуіне және қатысу шарттарын келісуге қарай біртіндеп кеңейеді. Аймақ бірден қалыптаспайды, ол келісімдер мен тәжірибелердің жинақталуы арқылы құрылады. Сондықтан туризмнің ықпалдастыру әсерін құжаттармен емес, нақты жобалармен бағалау қажет. Демек, Орталық Азияда «аймақ» ұғымы институционалдық тәжірибелердің жинақталуы арқылы қалыптасады. Осыған байланысты туристік ықпалдасу деңгейін декларациялармен емес, нақты қатысу тетіктері мен бірлескен жобалардың іске асуымен бағалау орынды. Ықпалдасудың нақты көрсеткіші – іске асқан маршруттар, туристік ағымдар және ортақ өнімдер.

Практикалық ынтымақтастықты ілгерілетуде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы өзара іс-қимылдың орны айрықша. Салалық деңгейде бұл бағыт Ұлы Жібек жолы бойындағы ортақ шекарааралық маршруттарды әзірлеуден және мәдени өзара толықтыру қағидатына негізделген мәдени кластерлерді қалыптастырудан көрінеді. Осы тұрғыда «Самарқанд – Түркістан – Алматы» бағыты кәсіби екіжақты кездесулерде талқыланған маңызды мысалдардың бірі болып табылады. 2025 жылғы желтоқсанда Ташкентте өткен кездесуде тараптар Ұлы Жібек жолы бойындағы бірлескен трансшекаралық маршруттарды дамыту және «Самарқанд – Түркістан – Алматы» мәдени кластерін ілгерілету мәселелерін арнайы қарастырды [11].

Мәдени кластерлерді қалыптастыру мұра орталықтарын бір маршруттық жүйеге біріктіріп, туристік сапардың мазмұнын біріздендіруге мүмкіндік береді. Мұндай үлгіде сакралды және тарихи нысандар қалалық мәдени тәжірибемен, сервистік инфрақұрылыммен және заманауи туристік қызметтермен толықтырылады. Соның нәтижесінде Орталық Азия жекелеген нүктелер жиынтығы ретінде емес, өзара байланысқан мәдени кеңістік ретінде қабылдана бастайды. Аймақтық тұтастық та маршрут

құрылымы мен саяхат тәжірибесінің тұрақты үлгілері арқылы айқынырақ көрінеді.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық осы үдерістің практикалық деңгейін нақты көрсетеді. Ортақ маршруттар мен мәдени кластерлердің қалыптасуы туризмді нүктелік сипаттан желілік жүйеге көшіреді. Соның арқасында жекелеген нысандар өзара байланысқан біртұтас бағытқа айналып, аймақты тұтас мәдени кеңістік ретінде қабылдауды күшейтеді.

Мобильділік үдерістерін институционалдандырудың қосымша тетігі ретінде бірлескен туристік көлік өнімдері де қалыптаса бастады. 2025 жылы Алматы – Түркістан – Ташкент – Самарқанд – Бұхара бағыттарын қамтитын туристік теміржол маршруттары іске қосылып, аймақаралық туристік байланыстардың инфрақұрылымдық негізін күшейтті. Бұл маршруттар ортақ мәдени мазмұнды бірізді саяхат логикасына түсіріп, Орталық Азияның тарихи қалаларын өзара сабақтас кеңістік ретінде ұсынуға ықпал етті [12].

Туристік пойыз ортақ мәдени мазмұнды нақты кеңістікпен байланыстырып, оны турист үшін қолжетімді етеді және негізгі орталықтар арасындағы қатынау кедергілерін азайтады. Бұл жерде ықпалдасу декларативті деңгейде емес, нақты логистикалық шешімдер арқылы көрінеді. Қозғалыс неғұрлым жеңіл болса, шекарааралық туристік өнімдер соғұрлым тұрақтанып, туристік ағымдардың қайталану ықтималдығы артады.

Шекарааралық қозғалысты институционалдық тұрғыдан нығайтуға ұқсас үдерістер Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ынтымақтастықта да байқалады. 2025–2026 жылдары Қазақстан мен Қырғызстанның уәкілетті органдары туризм саласындағы ынтымақтастық жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітіп, оны ортақ маршруттарды дамытуға және туристік брендтерді бірлесіп ілгерілетуге бағыттады.

Аналитикалық тұрғыда, Қазақстан–Қырғызстан ынтымақтастығы туризм саласындағы шекарааралық қозғалысты нақты тетіктер арқылы бекітуге бетбұрысты көрсетеді. 2025–2026 жылдарға арналған туризм бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарының қабылдануы туризмді оқшау ұлттық бастамалардың жиынтығы ретінде емес, келісілген өзара іс-қимыл алаңы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Ортақ маршруттарды дамыту және туристік брендтерді үйлестіру шекара маңындағы аймақтарды біртұтас табиғи-мәдени ландшафт ретінде қабылдауды күшейтеді. Мұндай жағдайда өзара қатынау және туристік тәжірибелер тұрақты шекарааралық сипат алып, тұрақты туристік ағымдар қалыптаса бастайды.

Мазмұндық тұрғыдан бұл үдеріс Тянь-Шань кеңістігінің ортақ табиғи-мәдени әлеуетімен ұштасады. UNESCO Дүниежүзілік мұра тізіміндегі «Батыс Тянь-Шань» нысанының Қазақстан–Қырғызстан–Өзбекстан аймағын қамтитын трансұлттық мәртебесі ортақ кеңістіктік шеңберді

институционалдық деңгейде бекітеді. Осы шеңбер аясында экологиялық, танымдық және этномәдени туризм түрлерін келісімді түрде дамытуға негіз қалыптасады.

Халықаралық мәртебе бұл жерде екі негізгі қызмет атқарады: біріншіден, аймақтың туристік тартымдылығын күшейтеді, екіншіден, туризмді реттеудің және оны тұрақты даму талаптарына сәйкестендірудің институционалдық негізін қалыптастырады.

Мұра нысанының трансұлттық мәртебесі оны қорғау мен басқаруға халықаралық талаптар мен ортақ өлшемдерді енгізеді. Соның нәтижесінде туризмнің дамуы белгілі бір тәртіп пен бақылау аясында жүзеге асады. UNESCO құжаттарында Батыс Тянь-Шань нысаны бойынша 2016 жылғы номинациялық материалдармен қатар, 2018, 2021, 2023 және 2025 жылдардағы шешімдер, 2024 жылғы бірлескен мониторинг миссиясының есебі және мемлекеттер ұсынған сақтау жай-күйі жөніндегі есептер жинақталған. Бұл халықаралық қадағалау мен басқару тетіктерінің тұрақты түрде іске асырылып отырғанын көрсетеді [13].

Осыған байланысты халықаралық шеңбердің ықпалы екі қырынан көрінеді: бір жағынан, ол аймақтың халықаралық деңгейдегі беделін және тартымдылығын арттырады, екінші жағынан, табиғи және мәдени ресурстарды шектен тыс пайдалануға жол бермейтін реттеу тетіктерін күшейтеді. Соның негізінде туризмді дамыту үдерісінде тұрақтылық, сақтық және танымдық мазмұн басымдыққа ие болады.

Жалпы алғанда, келтірілген мысалдар Орталық Азияда туризмнің мәдени-гуманитарлық ықпалдастықтың практикалық құралына айнала алатынын көрсетеді. Бұл ықпалдастық келісімдік негіздер, салалық үйлестіру, бірлескен маршруттар және мәдени мұраны таныстыру тәсілдерін өзара жақындастыру арқылы жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, туризм Орталық Азия кеңістігінде аймақтық байланыстарды нығайтатын маңызды тетік ретінде көрінеді. Алайда оның нәтижелілігі нақты институционалдық шешімдерге, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету деңгейіне және мемлекетаралық үйлестірудің тұрақтылығына тікелей тәуелді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері Орталық Азиядағы туризмді кеңірек гуманитарлық ықпалдасу және аймақтану тетіктерімен сабақтас әлеуметтік-мәдени үдеріс ретінде қарастыру орынды екенін растайды. Туризм тек салалық құбылыс емес, аймақты «қалыптастыратын» әлеуметтік үрдіс ретінде көрінеді. Туризмді тек экономикалық сала ретінде қарастыратын ұстанымнан тыс, талданған мысалдар туристік тәжірибелердің аймақтың ортақ символдық кеңістігін қалыптастыруға қатысатынын көрсетеді. Туристік тәжірибе арқылы кеңістікке мағына беріледі және ол ортақ мәдени кеңістік ретінде қабылдана бастайды. Соның нәтижесінде Орталық Азия бір-бірімен байланысқан, тұтас мәдени-тарихи кеңістік ретінде қабылдануын

күшейтетін орнықты бейнелер қалыптасады. Аймақтың біртұтас бейнесі нақты тәжірибелер арқылы бекітіледі, яғни «қиялдағы аймақ» «тәжірибелік аймаққа» айналады.

Осы тұрғыда алынған қорытындылар «туристік көзқарас» және «туристік елестетулер\бейнелер» тұжырымдамаларының теориялық қағидаларымен сәйкес келеді. Бұл тұжырымдамаларға сай туристік кеңістік институционалдық және дискурстық шеңберлер арқылы қалыптасады. Аймақ туристерге бейтарап түрде емес, алдын ала қалыптасқан бейнелер арқылы ұсынылады. Орталық Азия жағдайында мұндай шеңберлердің қатарына Жібек жолы туралы баяндау, шекарааралық маршруттар, мұра кластерлері және нысандардың халықаралық мәртебелері жатады. Олар аймақтың қалай таныстырылатынын айқындап, туристік қозғалыстың негізгі бағыттарын бағдарлайды. Бұл элементтер туристік ағындарды бағыттайтын «символдық инфрақұрылым» қызметін атқарады.

Сонымен бірге зерттеу нәтижелері мәдени мұраның әлеуметтік тұрғыдан қалыптасатыны туралы ұстанымды да қуаттайды. Туристік айналымға енгізілетін нысандар мен тәжірибелерді таңдау саяси шешімдерге, институционалдық басымдықтарға және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерге тәуелді болады. Мұның салдары ретінде аймақ елдері арасында символдық және экономикалық капиталдың тең бөлінбеуі ықтимал. Кейбір туристік орталықтар күшейсе, басқалары шет қалуы мүмкін. Бұл туризмнің ықпалдасу әлеуеті шектеулі екенін көрсетеді және мұраны таныстыру мен басқару тетіктерін сындарлы талдаудың қажеттігін алға тартады. Зерттеуде ынтымақтастықтың институционалдануы мен қозғалыс тәжірибелерінің өзара байланысы айқын байқалды. Саяси келісімдер мен нақты мобильділік бір-бірін толықтырғанда ғана нәтиже береді. Туризмнің ықпалдастыру әсері саяси келісімдер мен салалық жоспарлар нақты инфрақұрылымдық шешімдермен және маршруттарды келісімді басқарумен бекітілген жағдайда күшейеді. Демек, туризм арқылы гуманитарлық ықпалдасу бір сәттік нәтиже емес, үдерістік сипатқа ие құбылыс, әрі мемлекеттік институттардың, туристік саланың және жергілікті қауымдастықтардың тұрақты өзара іс-қимылын талап етеді. Бұл көп деңгейлі және ұзақ мерзімді үдеріс.

Жалпы алғанда, туризмді әлеуметтік-мәдени қырынан талдау Орталық Азиядағы ықпалдасу үдерістерін аймақтанулық деңгейде тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл бағыт туристік қозғалыстың аймақтық бірегейліктің қалыптасуына және қоғамдар арасындағы байланыстардың нығаюына әсерін эмпирикалық тұрғыдан зерделеуге негіз болады. Осы тұрғыдан алғанда, туризм Орталық Азия кеңістігінде әлеуметтік байланыстарды күшейтуге және аймақтық бірегейлікті бекітуге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде көрінеді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жүргізілген зерттеу Орталық Азиядағы туризмді тек экономикалық қызмет саласы ретінде ғана емес, аймақтық даму мен мәдени-гуманитарлық ықпалдастық үдерістерімен өзара сабақтас әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырудың орынды екенін көрсетті. Туристік тәжірибе кеңістік туралы түсініктерді орнықтырып, өткен мен бүгінге қатысты ортақ ұғымдарды жаңғыртады және аймақ ішіндегі мәдени байланыстарды нығайтады.

Шекарааралық маршруттарды, ынтымақтастықтың институционалдық негіздерін және мәдени мұраны таныстыру тәжірибелерін талдау туризмнің Орталық Азияда мәдени-гуманитарлық жақындасуға ықпал ететін практикалық тетік екенін айғақтайды. Жібек жолы идеясына негізделген бағыттар, мәдени кластерлер қағидаты және бірлескен жобалар аймақты тұтас мәдени-тарихи кеңістік ретінде қабылдауға негіз қалайды. Бұл үдерісте мемлекеттік шекаралар өзінің саяси маңызын сақтағанымен, туризм аясындағы қозғалыс пен мәдени өзара байланыстарға әсер ететін шектеуші ықпалы біртіндеп әлсірей түседі.

Сонымен бірге бұл ықпалдасу әлеуеті өздігінен жүзеге аспайды. Ол институционалдық үйлестірудің нақтылығына, инфрақұрылымдық сабақтастыққа, гуманитарлық саясаттағы келісімділікке және маршруттар мен мұраны басқарудағы ортақ ұстанымдарға тәуелді. Мысалы, келісімдік құжаттар мен салалық жоспарлар нақты көлік шешімдерімен және бірлескен маршруттық басқару тетіктерімен ұштасқан жағдайда ғана мобильділік тұрақты сипат алып, шекарааралық туристік өнімдер орнығады.

Мәдени мұра туристік айналымға толық әрі табиғи түрде енгізіле бермейді. Туристік тұрғыдан ұсынылатын нысандар мен тәжірибелер белгілі бір іріктеу негізінде айқындалады. Бұл үдеріске институционалдық басымдықтар, инфрақұрылым деңгейі және ресурстық мүмкіндіктер ықпал етеді. Осы ерекшелік аймақ ішіндегі туристік ұсыныстың теңгерімді қалыптасуына және ортақ кеңістіктің орнығуына белгілі бір шектеулер қоюы мүмкін. Сондықтан интеграциялық әсерді бағалауда декларативті ұстанымдарға емес, нақты іске асқан тетіктерге, қатысу деңгейіне және бірлескен жобалардың нәтижелілігіне сүйену қажет.

Жалпы алғанда, туризм Орталық Азияда саяси және экономикалық ынтымақтастықты толықтыратын бейресми аймақтық ықпалдасу құралы ретінде көрінеді. Туризмнің әлеуметтік-мәдени өлшемін жүйелі түрде ескеру аймақтанулық талдаудың мүмкіндігін кеңейтіп, туризмді дамыту мен гуманитарлық өзара іс-қимылды өзара сабақтастыра қарастыруға негіз болады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Urry J., Larsen J. The Tourist Gaze 3.0. – London: SAGE Publications Ltd, 2011. – 264 p. – ISBN 9781849203760.

[2] Salazar N. B. Tourism imaginaries: A conceptual approach // *Annals of Tourism Research*. – 2012. – Vol. 39, № 2. – P. 863–882.

[3] Richards G. Cultural tourism: A review of recent research and trends // *Journal of Hospitality and Tourism Management*. – 2018. – Vol. 36. – P. 12–21.

[4] Шарапаева Б. Ж., Нұрмағанбетқызы Н., Баймбетова А. Б. Қазақстан туризмін тұрақты дамыту кеңістігіндегі ЮНЕСКО материалдық емес мәдени мұрасы // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Экономика сериясы. – 2024. – № 3. – Б. 386–399. – DOI: 10.32523/2789-4320-2024-3-386-399.

[5] Timothy D. J., Nyaupane G. P., eds. *Cultural Heritage and Tourism in the Developing World: A Regional Perspective*. – London; New York: Routledge, 2009. – 280 p.

[6] Ostonov O. A., Khayitov Z. U., Junaev Z. B. Some Features of Historical and Cultural Tourism in Uzbekistan // *Journal of Critical Reviews*. – 2020. – Vol. 7, issue 6. – P. 1256–1262. – DOI: 10.31838/jcr.07.06.222.

[7] Tolz V., Gorshenina S. Constructing Heritage in Early Soviet Central Asia: The Politics of Memory in a Revolutionary Context // *Ab Imperio*. – 2016. – No. 4. – P. 77–115.

[8] UNESCO. Silk Roads Heritage Corridors in Central Asia [Electronic resource]. – URL: <https://www.unesco.org/en/articles/silk-roads-heritage-corridors-central-asia> (access date: 03.02.2026).

[9] President of the Republic of Kazakhstan (Akorda). Speech by President Kassym-Jomart Tokayev at the Fourth Consultative Meeting of the Heads of States of Central Asia (July 21, 2022): [Electronic resource]. – URL: <https://www.akorda.kz/en/speech-by-president-kassym-jomart-tokayev-at-the-fourth-consultative-meeting-of-the-heads-of-states-of-central-asia> (access date: 03.02.2026).

[10] Tajikistan Signs Onto Central Asian Friendship Treaty [Electronic resource]//*The Diplomat*. –2025. –URL: <https://thediplomat.com/2025/08/tajikistan-signs-onto-central-asian-friendship-treaty/> (access date: 23.03.2026).

[11] TURKSAM (Manas University). Uzbekistan and Kazakhstan are developing tourism routes along the Silk Road: [Electronic resource]. – URL: <https://turksam.manas.edu.kg/index.php/en/uzbekistan-2/9911-uzbekistan-and-kazakhstan-are-developing-tourism-routes-along-the-silk-road> (access date: 03.02.2026).

[12] Birbayeva A. Three Tourist Train Routes to Connect Kazakhstan and Uzbekistan in September [Electronic resource] // *The Astana Times*. – 2025. – 1 Sept. – URL: <https://astanatimes.com/2025/09/three-tourist-train-routes-to-connect-kazakhstan-and-uzbekistan-in-september/> (access date: 23.03.2026).

[13] West Tien-Shan - Documents [Electronic resource] // UNESCO World Heritage Centre. – URL: <https://whc.unesco.org/en/list/1490/documents/> (access date: 23.03.2026).

REFERENCES

- [1] Urry J., Larsen J. *The Tourist Gaze 3.0.* – London: SAGE Publications Ltd, 2011. – 264 p. – ISBN 9781849203760.
- [2] Salazar N. B. *Tourism imaginaries: A conceptual approach // Annals of Tourism Research.* – 2012. – Vol. 39, № 2. – P. 863–882.
- [3] Richards G. *Cultural tourism: A review of recent research and trends // Journal of Hospitality and Tourism Management.* – 2018. – Vol. 36. – P. 12–21.
- [4] S'arapaeva B. J., Nūrmağanbetqyzy N., Baimbetova A. B. *Qazaqstan turizmin тұрақты дамыту кеңістігіндегі UNESCO materialdyq emes мәдени мұрасы [UNESCO intangible cultural heritage in the space of sustainable development of tourism in Kazakhstan]// L. N. Gumilev atyndaғы Eurazia ұлттық университетінің Habars'ysy. Ekonomika seriasy.* – 2024. – № 3. – B. 386–399. – DOI: 10.32523/2789-4320-2024-3-386-399. [in Kaz.].
- [5] Timothy D. J., Nyaupane G. P., eds. *Cultural Heritage and Tourism in the Developing World: A Regional Perspective.* – London; New York: Routledge, 2009. – 280 p.
- [6] Ostonov O. A., Khayitov Z. U., Junaev Z. B. *Some Features of Historical and Cultural Tourism in Uzbekistan // Journal of Critical Reviews.* – 2020. – Vol. 7, issue 6. – P. 1256–1262. – DOI: 10.31838/jcr.07.06.222.
- [7] Tolz V., Gorshenina S. *Constructing Heritage in Early Soviet Central Asia: The Politics of Memory in a Revolutionary Context // Ab Imperio.* – 2016. – No. 4. – P. 77–115.
- [8] UNESCO. *Silk Roads Heritage Corridors in Central Asia [Electronic resource].* – URL: <https://www.unesco.org/en/articles/silk-roads-heritage-corridors-central-asia> (access date: 03.02.2026).
- [9] President of the Republic of Kazakhstan (Akorda). *Speech by President Kassym-Jomart Tokayev at the Fourth Consultative Meeting of the Heads of States of Central Asia (July 21, 2022): [Electronic resource].* – URL: <https://www.akorda.kz/en/speech-by-president-kassym-jomart-tokayev-at-the-fourth-consultative-meeting-of-the-heads-of-states-of-central-asia> (access date: 03.02.2026).
- [10] *Tajikistan Signs Onto Central Asian Friendship Treaty [Electronic resource]//The Diplomat.* –2025. –URL: <https://thediplomat.com/2025/08/tajikistan-signs-onto-central-asian-friendship-treaty/> (access date: 23.03.2026).
- [11] TURKSAM (Manas University). *Uzbekistan and Kazakhstan are developing tourism routes along the Silk Road: [Electronic resource].* – URL: <https://turksam.manas.edu.kg/index.php/en/uzbekistan-2/9911-uzbekistan-and-kazakhstan-are-developing-tourism-routes-along-the-silk-road> (access date: 03.02.2026).
- [12] Birbayeva A. *Three Tourist Train Routes to Connect Kazakhstan and Uzbekistan in September [Electronic resource] // The Astana Times.* – 2025. – 1 Sept. – URL: <https://astanatimes.com/2025/09/three-tourist-train-routes-to-connect-kazakhstan-and-uzbekistan-in-september/> (access date: 23.03.2026).

[13] West Tien-Shan - Documents [Electronic resource] // UNESCO World Heritage Centre. – URL: <https://whc.unesco.org/en/list/1490/documents/> (access date: 23.03.2026).

РЕГИОНАЛЬНЫЙ АНАЛИЗ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ АСПЕКТОВ ТУРИЗМА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Кабдолда А.К.¹

^{*1} Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена анализу социокультурных аспектов туризма в Центральной Азии с точки зрения региональных исследований. Актуальность исследования обусловлена возрастающей важностью туризма в регионе не только как экономического сектора, но и как фактора, способствующего гуманитарному взаимодействию, символическому сближению стран и формированию общего социокультурного пространства. В контексте возрождения межгосударственного сотрудничества и поиска новых моделей региональной интеграции туризм становится важным механизмом признания культурного наследия, исторической памяти и общих образов региона. Тем не менее, социокультурное измерение туризма в Центральной Азии и его значение для региональных исследований до сих пор недостаточно систематизированы.

Теоретической основой исследования является концепция «туристский взгляд» Дж. Урри и Дж. Ларсена, концепция «туристские образы» Н. Салазара, интерпретация культурного туризма Г. Ричардса, а также взгляды Д. Тимоти и Г. Ньяупане, которые рассматривают культурное наследие как социально и институционально сформированную категорию.

Цель статьи – анализ социокультурных аспектов туризма в Центральной Азии и определение их роли в процессах регионального взаимодействия и культурной и гуманитарной интеграции. Кроме того, анализируются институциональные механизмы сотрудничества и практики представления и продвижения культурного наследия. Также уделяется внимание факторам, способствующим восприятию Центральной Азии как взаимосвязанного культурно-исторического пространства.

Результаты исследования показали, что туризм в Центральной Азии – это не просто сектор услуг, а социокультурный феномен, формирующий общее понимание региона. Развитие трансграничных маршрутов, культурных кластеров, связанных с историческим Шелковым путем, укрепление транспортно-логистических связей и усиление институционального взаимодействия способствуют восприятию Центральной Азии как единого пространства. Туризм укрепляет культурные связи, воплощает общее наследие и создает предпосылки для регионального сближения.

Теоретическая значимость статьи определяется расширением

возможностей анализа туризма с социокультурной точки зрения в рамках региональных исследований. Практическое значение исследования заключается в возможности применения его результатов при развитии трансграничных маршрутов, оценке туристических инициатив и совершенствовании механизмов популяризации культурного наследия стран Центральной Азии.

Ключевые слова: Центральная Азия, региональные исследования, социально-культурный туризм, гуманитарная интеграция, трансграничные поездки, культурное наследие, Великий Шелковый путь, региональная идентичность

REGIONAL ANALYSIS OF SOCIO-CULTURAL ASPECTS OF TOURISM IN CENTRAL ASIA

*Kabdolda A.K. ¹

^{*1} Kazakh Ablai khan university of international relations and world languages,
Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article analyzes the sociocultural aspects of tourism in Central Asia from a regional studies perspective. The relevance of this study stems from the growing importance of tourism in the region not only as an economic sector but also as a factor facilitating humanitarian interaction, symbolic rapprochement between countries, and the formation of a common sociocultural space. In the context of the revival of interstate cooperation and the search for new models of regional integration, tourism is becoming an important mechanism for recognizing the cultural heritage, historical memory, and shared images of the region. However, the sociocultural dimension of tourism in Central Asia and its significance for regional studies remain insufficiently systematized.

The theoretical basis of this study is J. Urry and J. Larsen's concept of «tourist gaze», N. Salazar's approach to «tourism imaginaries», G. Richards's interpretation of cultural tourism, as well as the views of D. Timothy and G. Nyaupane, who view cultural heritage as a socially and institutionally shaped category.

The purpose of this article is to analyze the sociocultural aspects of tourism in Central Asia and determine their role in regional interaction and cultural and humanitarian integration. It also analyzes institutional mechanisms for cooperation and practices for presenting and promoting cultural heritage. Attention is also paid to factors that contribute to the perception of Central Asia as an interconnected cultural and historical space.

The research results demonstrate that tourism in Central Asia is not simply a service sector, but a sociocultural phenomenon that shapes a common understanding of the region. The development of cross-border routes, cultural clusters associated with the historic Silk Road, the strengthening of transport and logistics links, and enhanced institutional interaction contribute to the perception

of Central Asia as a unified space. Tourism strengthens cultural ties, embodies shared heritage, and creates the preconditions for regional rapprochement.

The theoretical significance of this article lies in its expanded possibilities for analyzing tourism from a sociocultural perspective within the framework of regional studies. The practical significance of the study lies in the possibility of applying its results in the development of cross-border routes, the evaluation of tourism initiatives, and the improvement of mechanisms for popularizing the cultural heritage of Central Asian countries.

Keywords: Central Asia, regional studies, sociocultural tourism, humanitarian integration, cross-border travel, cultural heritage, Great Silk Road, regional identity

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 07.04.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Автор туралы мәлімет:

Кабдолда Алдияр Кайратулы – Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ «8D03122 - Аймақтану» мамандығының 2 курс докторанты, e-mail: aldiyarkabdolda@gmail.com

Информация об авторе:

Кабдолда Алдияр Кайратулы - докторант 2 курса специальности «8D03122 - Регионоведение» КазУМОиМЯ имени Абылай хана, e-mail: aldiyarkabdolda@gmail.com

Information about author:

Kabdolda Aldiyar Kairatuly – PhD student, Year 2, «8D03122 Regional Studies» at Ablai Khan KazUIR&WL, e-mail: aldiyarkabdolda@gmail.com